

А.К. Акбергенова<sup>1</sup>  
С.М. Егембердиева<sup>2</sup>  
А.А. Асанова<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
<sup>3</sup>Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек, Қырғызстан  
(E-mail: Akbergenova\_akmaral@mail.ru, Saule\_8@mail.ru, Asanova\_aysalkyn@mail.ru)

## Жезқазған моноқаласының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалау

**Аннотация.** Мақалада Жезқазған қаласының мысалында 2016-2020 жылдар аралығындағы тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы талданған, моноқаланың дамуының интегралды көрсеткішіне бағалау жүргізілген. Қаланың әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымының дамуының интегралды көрсеткіштерін есептеу негізінде оның тұрақты даму жағдайын бағалаудың әдісі берілген. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросынан алынған Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері деректер ретінде қолданылады. Бағыттар бойынша интегралды көрсеткіштерді есептеу үшін алдымен қаланың әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымының дамуының орташа салмақталған коэффициенттері анықталған, соңынан қаланың тұрақты дамуының интегралды индексі есептеліп, дамудың деңгейі бағаланған. Әдістемелік ұсынылған тәсіл Жезқазған қаласы жағдайында қарастырылды. Интегралды көрсеткіштердің серпінін талдау мен бағалау нәтижесінде моноқаланың тұрақты дамуын жақсарту бойынша ұсыныстар берілген.

**Түйін сөздер:** моноқала, қала құраушы кәсіпорын, әлеуметтік – экономикалық даму, интегралды индекстік көрсеткіш, инфрақұрылым, тұрақтылық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2022-4-44-52>

### Кіріспе

Қала құраушы кәсіпорындары бар шағын қалалар моноқалаларды құрайды. Қала құраушы кәсіпорындар моноқалалардың экономикалық және әлеуметтік жүктемесін көтереді. Қазақстан Республикасының моноқалаларында бір саланың өндірісінің шоғырлануы халықтың әл-ауқатының және осы қалалардың қала құраушы кәсіпорындардың қызметінің қаржылық-экономикалық нәтижелерінің дәрежелеріне

тікелей тәуелділігін айқындайды. Осыған байланысты моноқалалардың мәселелерін шешу жолдарын зерттеу, әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын талдау, дамуды тежейтін және шектейтін факторларды анықтау, моноқалалардың ерекшеліктерін пайдалану тиімділігі бойынша жүйені әзірлеу өзектілігін арттырады.

Моноқалалардағы жағдай әртүрлі және күрделі. Моноқалалардың даму мәселелері әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жағдайлармен байланысты,

сонымен қатар кәсіпорындардың табысының төмендеуімен де байланысты туындайды. Себебі моноқалалардың жағдайының нашарлауы қоршаған ортаны қорғау жүйесінің тиімсіздігімен де, табиғи ресурстардың сарқылуымен де күшейе түскен. Моноқалалардағы еңбек нарығының қала құраушы кәсіпорындардың қызметіне тәуелділігі, экономиканың әртараптандырылу деңгейінің төмендігі, көлік пен инженерлік инфрақұрылымның нашар дамуы проблемалары да бар.

Мақаланың мақсаты – моноқаланың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының интегралды көрсеткіштерін анықтау және бағалау.

Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- моноқаланың рөлін көрсету;
- моноқаланың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әлеуетін бағалайтын интегралды көрсеткіштерінің өзгерістеріне талдау жүргізу;
- моноқаланың тұрақты дамуының жағдайына бағалау жүргізу арқылы оның қарқынды дамуының жолдарын ұсыну.

Қазақстан Республикасының моноқалалар тобы ретінде Жезқазған қаласы зерттеу объектісі болып қарастырылған.

Зерттеу пәні – моноқаланың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын көрсеткіштері.

### Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында талдау, синтездеу әдістері, дедукция мен индукция әдістері, статистикалық-экономикалық әдістер, топтастыру мен салыстыру әдістері, бақылау және жалпылау әдістері қолданылған.

### Талқылау

Экономиканың қазіргі белгісіздігі мен Қазақстан Республикасының моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайының күрт ауытқулары кезінде тұрақты дамудың жолдарын негіздеуге арналған механизмдер мен құралдардың көмегімен даярлау өте маңызды.

Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуына баға беру үшін

### Кесте 1

Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің серпіні

Көрсеткіштер	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	Осу қарқыны 2020 ж. %-бен	
						2016 ж	2019ж
1.Халық саны, мың.адам	90,9	91,0	91,6	91,9	91,9	101,1	100,0
2.Көші-қон айырымы, адам	-890	-841	-429	-634	-878	98,7	138,5
3.Жұмыссыздық деңгейі, %	5,3	5,1	4,8	4,7	4,8	90,6	102,1
4.Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге	146241	155529	175054	197203	235171	160,8	119,3
5. Негізгі капиталға салынған инвестиция, млн. теңге	10430,0	12101,5	28356,2	31335,0	37206,0	356,7	118,7
6.Өнеркәсіптік өнім (тауар, қызмет) өндірісінің көлемі, млн.теңге	266883,2	336161,5	333609,7	529159,3	626780,7	234,9	118,4
Ескерту – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылған [3]							

келесідей сандық көрсеткіштер қолданылады: әлеуметтік-демографиялық, тұрмыс деңгейі, еңбек және жұмыспен қамту. Әлеуметтік - демографиялық көрсеткіштер халықтың саны мен құрамын, табиғи өсімі және көші-қоны қозғалысын есепке алу бойынша көрсеткіштерді қамтиды. Еңбек және жұмыспен қамту жөніндегі статистика екі бағыттағы көрсеткіштерді қарастырады: еңбек нарығының көрсеткіштері мен еңбек құны көрсеткіштері. Халықтың тұрмыс деңгейі олардың тауарлар мен қызметтерге көптеген қажеттіліктерінің қанағаттану дәрежесімен сипатталады.

Моноқалалар ретінде еңбекке жарамды тұрғылықты халықтың көп бөлігі және өнеркәсіп өндірісінің 20 % – дан астам бөлігі негізінде бір кәсіпорынға немесе бірнеше қала құраушы кәсіпорындарға тиесілі болатын орта және ірі қалалар қарастырылады [1].

Жезқазған қаласы – Қарағанды облысында халық санынан үшінші орын алатын Қазақстанның 27 моноқалаларының бірі. Жезқазған қаласының әлеуметтік ахуалының тұрақтылығы мен экономикалық жағдайының басты индикаторы – түсті металлдардың, сирек металлдардың өндірісіне негізгі бөлігі шоғырланған өнеркәсіп, Қазақстан мысының ірі өндірушісі орналасқан [2].

Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің өзгерістерін қарастырамыз.

«Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС компаниясы топтары, өнеркәсіп секторының жұмысы есебінен 2016-2020 жылдар аралығында өнеркәсіп өндірісінің өнімі 2,3 есе артқан және 359897,5 млн.теңге құрады. 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 18,4 %-ға немесе 97621,4 млн.теңгеге жоғарылаған.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 2016-2020 жылдары өсім тенденциясы сақталған, 2020 жылы 2016 жылға қарағанда 3,6 есе өскен және 26776,0 млн.теңге құраған. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-не, «Қазақмыс Энерджи» ЖШС-не, «ЖСЖК» АҚ-на жүзеге асырылудағы жобаларға тиесілі болған.

Өңірлерді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаға енген жобалар аясында 5,8 млрд.теңге шамасында 5 жобаны іске асыру көзделген. Бағдарлама есебінен қала ішіндегі 1,2,3 кезекті су құбыры желілерін, шаруашылық - ауыз суларды тазарту қондырғыларын 1,2,3, кезекті қайта құру, су құбырларын қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 2022 жылы аяқталуы көзделіп отыр.

2020 жылы «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС мемлекеттік сараптама қорытындысы алынған Ұйтас-Айдос кен орынынан су құбырын 2023 жылға дейін тарту үшін жобалау – сметалық құжаттары әзірленген [2].

2020 жылы Жезқазған қаласы бойынша халықтың саны 91,8 мың адам, бұл 2016 жылғы халық санына қарағанда 1,1 %-ға ұлғайғанын көрсетеді. Экономикалық белсенді халық санының үлес салмағы 2020 жылы 45,7%, 2016 жылы 48,7 % құраған, яғни белсенді халықтың саны 3%-ға азайған.

Жоғарыда жүргізілген талдаудан Жезқазған қаласының 2016-2020 жылдары аралығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары бойынша оң нәтижелі динамикасын көреміз.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері 54 көрсеткіштен құралған, олар келесідей топтастырылған: әлеуметтік-демографиялық жағдайды сипаттайтын 22 көрсеткіш; халықтың тұрмыс деңгейін бағалайтын 2 көрсеткіш; еңбек нарығы және жұмыспен қамту бойынша 10 көрсеткіш; ұлттық экономика 1 көрсеткіш; экономиканың нақты секторы 4 көрсеткіш; өнеркәсіптік өнім көлемі (кен өндіру, өңдеу өнеркәсібі, электрмен жабдықтау, инженерлік желілер). құрылыс жұмыстары 4 көрсеткіш; барлық көлік түрлерінің жүк айналымы 9 көрсеткіш; сауда 2 көрсеткіш [3].

Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту жөнінде тиімді басқарушылық шешім қабылдау үшін

моноқаланың әлеуметтік – экономикалық дамуын көрсететін Ұлттық статистика бюросының 1–ші кестедегі жинақталған көрсеткіштері жеткіліксіздігін айқындадық.

Профессор Ряховская А.Н. моноқалалардың дамуын баяулататын келесі

факторларды анықтады: экономиканы әртараптандырудың тең келмейтін бастапқы жағдайлар; экономиканы қайта құрылымдау бағдарламаларын қаржыландыру көлемдерінің жеткіліксіздігі, жергілікті билік органдарының инвесторларды тарту

## Кесте 2

Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық индексі және тұрақты дамуын есептеуде қолданылатын көрсеткіштер

Көрсеткіш атауы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
<b>Әлеуметтік дамудың жағдайы</b>					
1. Орташа жалақы мен күнкөрістің ең төменгі деңгейінің қатынасы, бірліктер	6,52	6,37	6,36	6,69	7,33
2. Бір адамға шаққандағы бөлшек сауда айналымы, теңге	30656,2	34530,7	37689,7	40609,6	43185,1
3. Жалпы практикадағы дәрігерге келетін бекітілген халық саны, адам саны	1683	1685	1676	1671	1680
4. Туудың жалпы коэффициенті, %	22,01	20,81	20,32	19,26	20,71
5. Өлімнің жалпы коэффициенті, %	10,31	9,43	9,13	9,55	10,74
<b>Экономикалық дамудың жағдайы</b>					
1. Өнеркәсіптік өндіріс көлемі, млн. теңге	266883,2	336161,5	333609,7	529159,3	626780,7
2. Облыстың өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі аймақтың үлес салмағы, %	13,7	14,5	13,2	20,2	21,1
3. Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	10430,0	12101,5	28356,2	31335,0	37206,0
4. Көші – қон айырымы, адам саны	-890	-841	-429	-634	-878
5. Жұмыссыздық саны, пайызбен	5,3	5,1	4,8	4,7	4,8
6. Белсенді заңды тұлғалардың саны, бірліктер	598	599	632	614	596
7. Белсенді шағын және орта кәсіпкерліктің саны, бірліктер	5293	5190	5557	5641	5735
<b>Инфрақұрылымның даму жағдайы</b>					
1. Пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттарының жалпы ауданы, шаршы метр	9659	10470	17221	17608	21081
2. Пайдалануға берілген әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді пайдалануға беру:					
– жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылардың орындарының саны	-	-	-	-	900
– мектепке дейінгі мекемелердің саны	-	-	-	-	-
Ескерту – Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылған [3]					

тәжірибесінің болмауы; халықтың әлеуметтік бейімделуінің төмендігі, ірі көліктік желілердің дамымауы [4].

Моноқаланың әлеуметтік-экономикалық дамуын Е.В.Некрасова тұрғылықты халықтың саны мен көші-қон ағымының жағдайын модельдеу арқылы бағалайды [5].

Моноқаланың даму әлеуетін бағалау үшін халықтың тұрмыс деңгейі мен қаланың экономикалық өсу мүмкіндіктерін ескеретін әлеуметтік - экономикалық дамуының нәтижелерін талдауды пайдаланып кешенді бағалау қажет. Біздің ойымызша, әлеуметтік - экономикалық жағдайды кешенді бағалауды және қаланың тұрақты даму келешегін анықтауды келесі бағыттар бойынша жүргізуге болады:

- әлеуметтік даму;
- экономикалық даму;
- инфрақұрылымның дамуы.

Бұл 2-ші кестедегі көрсеткіштер әрбір бағыттағы интегралды индикаторларды есептеу үшін қолданылатын болады. Көрсеткіштердің өлшем бірліктері әртүрлі болғандықтан ортақ өлшемге келтіріліп, бір шәкіл бойынша өлшенеді. Қаланың дамуының жекелеген бағыттардағы жалпылама индикаторлар –  $I_{mn}$  төмендегі формуламен есептеледі:

$$I_{mn} = \frac{I_n - I_{min}}{I_{max} - I_{min}} \quad (1)$$

Мұндағы,

$I_{min}$  – n – ші көрсеткіштің барынша аз мәні;  
 $I_{max}$  – n – ші көрсеткіштің барынша жоғары мәні;  
 $I_n$  – дамудың бағыттары бойынша орташа өлшенген жеке индикаторлар [6].

Мақаладағы негізгі талдау қаланың тұрақты даму индексін анықтау көмегімен жүргізілді (I):

$$I = d_1 * I_1 + d_2 * I_2 + d_3 * I_3 \quad (2)$$

Мұндағы,

$I_1, I_2, I_3$  - әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымның жағдайларды бағалайтын интегралды көрсеткіштер;

$d_1$  – әлеуметтік дамудың салмақтық коэффициенті;

$d_2$  – экономикалық даму бағалаудың салмақтық коэффициенті;

$d_3$  – инфрақұрылым дамуын бағалаудың салмақтық коэффициенті.

### Нәтижелері

Қаланың дамуының интегралды көрсеткіші – қаланың дамуының барлық құраушы көрсеткіштерінің рөлі маңызды болатын кешенді көрсеткіші, яғни қаланың әлеуметтік дамуының, экономикалық даму жағдайының және қаланың инфрақұрылымының даму жағдайының деңгейі.

3-ші кестедегі берілген қаланың тұрақты дамуының интегралды көрсеткіші үш интегралды көрсеткіштен құралған, мұндағы әлеуметтік дамудың интегралды көрсеткішінің салмақтық коэффициенті 0,38-ге тең; экономикалық дамудың салмақтық коэффициенті 0,36-ға; инфрақұрылымның дамуын бағалаудың салмақтық коэффициенті 0,26.

Жекелеген бағыттардың көрсеткіштерінде сәйкес келетін салмақтық коэффициенттер болады. Әлеуметтік дамудың жағдайын бағалайтын бес көрсеткіштің әрқайсысының салмақтық коэффициенті 0,20-ға тең болып алынды. Себебі әлеуметтік даму жағдайын бағалауда көрсетілген көрсеткіштердің алатын орындарының маңыздылық деңгейлерінің салмақтары бірдей болғандықтан 0,20 бірлікке тең етіп алынған, яғни әлеуметтік даму жағдайы 100 % болса, оның ішіндегі бес көрсеткіштің әрқайсысына 20 пайыздық үлес салмақ берілген. Біздің ойымызша, экономикалық дамудың салмақтық коэффициентін бағалау үшін қарастырылған көрсеткіштердің маңыздылық дәрежесіне байланысты келесі бірліктерге тең етіп аламыз: 0,20; 0,18; 0,18; 0,14; 0,14; 0,10; 0,06. Ал инфрақұрылымның дамуын бағалаудың екі көрсеткіші үшін салмақтық мәні 0,50 бірліктен алынған.

Жезқазған қаласының 2016-2020 жылдар бойынша есептелген тұрақты дамуының қорытынды деңгейлерінің мәндері 3-ші кестеде берілді.

## Жезқазған қаласының тұрақты дамуының интегралды индексі

Көрсеткіштің атауы	Салмақтық коэффициент	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
1. Әлеуметтік дамудың жағдайы- I1	0,38	0,976	0,391	0,387	0,382	0,39
1.1. Орташа жалақы мен күнкөрістің ең төменгі деңгейінің қатынасы, бірліктер	0,2	0,207	0,195	0,2	0,21	0,219
1.2. Бір адамға шаққандағы бөлшек сауда айналымы, теңге	0,2	1,771	0,225	0,218	0,215	0,213
1.3. Жалпы практикадағы дәрігерге келетін бекітілген халық саны, адам саны	0,2	0,202	0,2	0,199	0,199	0,201
1.4. Туудың жалпы коэффициенті,%	0,2	0,194	0,189	0,195	0,19	0,215
1.5. Өлімнің жалпы коэффициенті, %	0,2	0,194	0,219	0,207	0,191	0,178
2. Экономикалық даму жағдайы - I2	0,36	0,33	0,388	0,417	0,466	0,408
2.1. Өнеркәсіптік өндіріс көлемі, млн.теңге	0,2	0,275	0,252	0,198	0,317	0,237
2.2. Облыстың өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі аймақтың үлес салмағы, %	0,18	0,18	0,191	0,164	0,275	0,188
2.3. Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	0,18	0,183	0,209	0,422	0,199	0,214
2.4. Көші – қон айырымы, адам саны	0,14	-0,02	0,132	0,071	0,207	0,194
2.5. Жұмыссыздық саны, пайызбен	0,14	0,143	0,135	0,132	0,137	0,143
2.6. Белсенді заңды тұлғалардың саны, бірліктер	0,1	0,103	0,1	0,106	0,097	0,097
2.7. Белсенді шағын және орта кәсіпкерліктің саны, бірліктер	0,06	0,053	0,059	0,064	0,061	0,061
3. Инфрақұрылымның даму жағдайы-I3	0,26	0,142	0	0,234	0	0,28
3.1. Пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттарының жалпы ауданы, шаршы метр	0,5	0,547	-	0,899	-	1,076
3.2. Пайдалануға берілген әлеуметтік- мәдени мақсаттағы объектілерді пайдалануға беру: – жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылардың орындарының саны – мектепке дейінгі мекемелердің саны	0,5	-	-	-	-	-
4. Жезқазған қаласының тұрақты дамуының интегралды көрсеткіші	-	0,483	0,260	0,346	0,283	0,359
Ескерту – авторлармен есептелді						

Осы 3-кестедегі Жезқазған қаласының:  
 - әлеуметтік дамуының жағдайы  $I_1 = 0,38 * (0,219 + 0,213 + 0,201 + 0,215 + 0,178) = 0,39$  бірлік құраған;  
 - экономикалық даму жағдайы -  $I_2 = 0,36 * (0,237 + 0,188 + 0,214 + 0,194 + 0,143 + 0,097 + 0,061) = 0,408$  бірлік;  
 - инфрақұрылымның даму жағдайы -  $I_3 = 0,26 * (1,076 + 0) = 0,28$  бірлікке тең.

Жезқазған қаласының тұрақты дамуының интегралды көрсеткіші келесідей есептелген:  $(0,39 + 0,48 + 0,28) / 3 = 0,359$  бірлікке тең.

Жезқазған қаласының 2016-2020 жылдарда интегралды индекстерінің алынған нәтижелерін деңгейлерге топтастырамыз: төменгі деңгей 0-ден 0,25 бірлік; орташа деңгей 0,26-дан 0,49 бірлікке дейін; орташадан жоғары деңгей 0,50-ден 0,75 бірлікке дейін;

жоғары деңгей 0,76-дан 1,0 бірлікке дейін. 2016-2020 жылдардағы Жезқазған қаласының тұрақты дамуының қорытынды деңгейі орташа деңгейге сәйкес келетіндігін көреміз.

Моноқалалардың мәселелерінің бірі - инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайының қанағаттанарлықсыздық жағдайы [7].

Жезқазған қаласының интегралды индексінің деңгейін жоғарылатудың келесі жолдарын ерекше атаймыз:

- халықты тұрғын-үймен қамту, мәдениет объектілерімен, коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту, инфрақұрылымның байланыс тұрғын үй коммуналдық инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету;

- денсаулықты жақсарту, білім берудің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту, халықты жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғауды жоғарылату;

- инвестицияларды тарту үшін өңдеуші өнеркәсіп пен ШОБ-тің қызметін кеңейту, бәсекеге қабілеттілігін нығайту.

Моноқалалардың экономикасының тұрақсыз дамуы жағдайында олардың дамуының тұрақтылығын бағалаудың негізгі критерийлері ретінде инфрақұрылымның әлеуметтік дамуының, экономикалық дамуының әлеуеті мен инфрақұрылымның

даму деңгейлерін қарастырамыз. Анықталған интегралды көрсеткіштерді пайдалану моноқалалардың кешенді дамуын бағалауға мүмкіндік береді.

### Қорытынды

Зерттеу жұмысында алға қойылған мақсатқа сай қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын ескере отырып, тұрақты дамуына кешенді баға беруде моноқалалардың рөлін анықтаудың негізгі тәсілдері айқындалып, әлеуметтік дамудың, экономикалық дамудың және инфрақұрылымның дамуының көрсеткіштері есептелген, Жезқазған қаласының қарқынды дамуының кейбір жолдары ұсынылған.

Қазақстан Республикасында моноқалалардың, аймақтардың жағдайын жақсартудың мемлекеттік шараларына қарамастан дамуды тежейтін факторлар ретінде автокөлік жолдарының деңгейінің, тұрғын-үй құрылысының қарқындылығының төмендігі, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымы объектілерінің өте жоғары тозу деңгейлері және кадрлардың кетуі айқындалады.

Сонымен, мақаланың қорытынды нәтижесі – қаланың тұрақты дамуының кешенді бағалау міндеттерін шешу, көрсеткіштердің өзара байланысын негіздеу.

### Әдебиеттер тізімі

1. Нигметов К. Человек – приоритет в развитии моногородов //Литер. - 2021. - №137/ 3997. – С. 5-7.
2. Программа развития города Жезказган на 2021-2025 годы. [Электрон.ресурс] - <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-zhezkazgan/documents/> (дата обращения: 20.01.2022)
3. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам. [Электрон.ресурс] - URL:<https://stat.gov.kz/region/256619/> (дата обращения: 05.02.2022)
4. Ряховская А.Н., Кован С.Е., Арсенова Е.А. Оценка эффективности государственных программ, реализуемых в моногородах // Проблемы современной экономики. -2013. -№1 (45). С.126-130.
5. Некрасова Е.В. Оптимизация внутренней миграции как механизм решения проблем моногородов Свердловской области // Экономика региона. -2012. -№ 2. С. 315-319.
6. Манаева И.В. Методический инструментарий оценки конкурентоспособности моногорода // Региональная экономика: теория и практика. -2016. - № 5. -С.23-39.
7. Маймурынова А., Арын Е. Инновационное развитие моногородов Казахстана: состояние и приоритеты. [Электрон.ресурс] – URL: <http://www.kisi.kz/images/rukovod/> (дата обращения: 28.10.2021)

А.К. Акбергенова<sup>1</sup>, С.М. Егембердиева<sup>1</sup>, А.А. Асанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Кыргызский национальный университет имени Ж.Баласагына, Бишкек, Кыргызстан

### Оценка устойчивого социально-экономического развития моногорода Жезказган

**Аннотация.** В статье проведен анализ устойчивого социально-экономического развития города Жезказган в период 2016 по 2020 год, дана оценка интегрального показателя развития моногорода. Изложена методика оценки состояния устойчивого развития города на основе расчета интегральных показателей социального, экономического развития и развития инфраструктуры. В качестве данных используются основные социально-экономические показатели города Жезказган, полученные из Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Для расчета интегральных показателей развития по направлениям сначала определялись весовые коэффициенты социального, экономического и инфраструктурного развития города. Разработанный методический подход апробирован в условиях моногорода Жезказган. По результатам анализа и оценки динамики интегральных показателей даны рекомендации по улучшению устойчивого развития моногорода.

**Ключевые слова:** моногород, градообразующее предприятие, социально-экономическое развитие, интегральный индексный показатель, инфраструктура, устойчивость.

А.К. Akbergenova<sup>1</sup>, S.M. Yegemberdiyeva<sup>2</sup>, A.A. Asanova<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>3</sup>Zh. Balasagyn Kyrgyz National University, Bishkek, Kyrgyzstan

### Assessment of sustainable socio-economic development of the single-industry Zhezkazgan town

**Abstract.** The article analyzes the sustainable social-economic development of Zhezkazgan town in the period 2016 to 2020, gives an assessment of the integral indicator of the development of a single-industry town.

The methodology of assessing the state of sustainable development of the city based on the calculation of integral indicators of social, economic and infrastructure development is presented. The main social-economic indicators Zhezkazgan are used as data, which are obtained from the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan.

To calculate the integral indicators of development in the directions, the weighting coefficients of the social, economic and infrastructural development of the town were first determined. The developed methodological approach has been tested in the conditions of the single-industry Zhezkazgan town. According to the results of analysis and assessment of dynamics of integral indicators, recommendations to increase the sustainability of the development of the monocity are given.

**Keywords:** single-industry town, city-forming enterprise, socio-economic development, integral index indicator, infrastructure, sustainability.

### Referenses

1. Nigmatov K. Chelovek – prioritet v razvitii monogorodov [Man is a priority in the development of single-industry towns], Liter, 137(3997), 5-7(2021). [in Kazakh]
2. Programma razvitiya goroda Zhezkazgan na 2021-2025 gody [Zhezkazgan City Development Program for 2021-2025]. [Electron.resource] - Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-zhezkazgan/documents> (Accessed: 20.01.2022)
3. Byuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskemu planirovaniyu i reformam. [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms]. [Electron. resource] - Available at: <https://stat.gov.kz/region/256619> (Accessed: 05.02.2022)
4. Ryahovskaya A.N., Kovan S.E., Arsenova E.A. Ocenka effektivnosti gosudarstvennyh programm, realizuemyh v monogorodah. [Evaluation of the effectiveness of state programs implemented in single-industry towns] Problems of modern economy, 1(45), 126-130, (2013). [in Russian]

5. Nekrasova E.V. Optimizaciya vnutrennej migracii kak mekhanizm resheniya problem monogorodov Sverdlovskoj oblasti [Optimization of internal migration as a mechanism for solving the problems of single-industry towns of the Sverdlovsk region] The economy of the region, 2, 315-319(2012). [in Russian]
6. Manaeva I.V. Metodicheskiy instrumentarij ocenki konkurentosposobnosti monogoroda [Methodological tools for assessing the competitiveness of a single-industry town] 5, 23-39(2016). [in Russian]
7. Majmuryanova A., Aryn E. Innovacionnoe razvitie monogorodov Kazahstana: sostoyanie i priority [Innovative development of single-industry towns in Kazakhstan: status and priorities]. [Electronic resource] - Available at: <http://www.kisi.kz/images/rukovod> (Accessed: 28.10.2021) [in Kazakh]

**Сведения об авторах:**

*Акбергенова А.К.* – негізгі автор, «Экономика» білім беру бағдарламасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Егембердиева С.М.* – экономика ғылымының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Асанова А.А.* – экономика ғылымының докторы, профессор, Ж.Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек, Қырғызстан.

*Akbergenova A.K.* – the main author, PhD Student in «Economics», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Yegemberdiyeva S.M.* – Doctor of Economics, Professor; L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Asanova A.A.* – Doctor of Economics, Professor, Zh.Balasagyna Kyrgyz National University, Bishkek, Kyrgyzstan.